



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

2023 жылдың I жартыжылдығында Ұлттық Банктің төлем жүйелері арқылы ұлттық валютада 441 трлн теңгеге қолма-қол ақшасыз төлемдер мен аударымдар жүргізілді

Орташа есеппен бір минут ішінде ҚҰБ-тың төлем жүйелерінде шамамен 6 миллиард теңгенің төлемдері өңделеді

2023 жыл, 25 шілде

Қазақстан Ұлттық Банкі (ҚҰБ) Банкаралық ақша аударымдары жүйесі (бұдан әрі – БААЖ) мен Банкаралық клиринг жүйесінің (бұдан әрі – БКЖ) операторы болып табылады. Бұл төлем жүйелері ұлттық төлем жүйесінің үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз етіп, Қазақстанда қолма-қол ақшасыз есеп айырысуға арналған инфрақұрылымды білдіреді.

2023 жылдың бірінші жартыжылдығында БААЖ мен БКЖ арқылы жалпы сомасы **441,1 трлн теңгеге 35,3 млн төлем** жүргізілді.

Операция орындалатын күндері БААЖ бен БКЖ ұлттық төлем жүйелеріне келетін орташа жүктеме күніне **3,7 трлн теңге** сомасына **294,3 мың төлем** болады. **Орташа есеппен минутына** ҚҰБ-тың төлем жүйелері арқылы **5,6 млрд теңгенің** операциялары жүргізіледі. Операциялардың басым бөлігі осы жүйелерде сағат 16:00-ден 17:00-ге дейін өңделеді.

2023 жылдың бірінші жартыжылдығында Ұлттық Банктің төлем жүйелерінің жұмыс істеу коэффициенті **99,98%** болды. Бұл белгіленген нысаналы көрсеткіштерден көп және ұлттық төлем жүйесінің жоғары тиімділігін көрсетеді.

Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мына телефон арқылы алуына болады:

8 (7172) 77-52-10

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz